# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 461-IV Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 87-2-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацындағы «лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып,» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «лицензиядан айыра отырып,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 155-1-бапта:

бірінші бөліктің он екінші абзацындағы, екінші бөліктің тоғызыншы абзацындағы және үшінші бөліктің төртінші абзацындағы «банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып,» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыра отырып,» деген сөздер алып тасталсын;

3) 17-тараудың тақырыбы «электр» деген сөзден кейін «және атом» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 220-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы «ядролық материалдарды,» деген сөздерден кейін «радиоактивті заттарды,» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 222-бапта:

тақырып «ядролық» деген сөзден кейін «, радиациялық» деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацында:

«Атом энергиясын пайдалану кезінде» деген сөздер «Ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен, иондаушы сәулелену көздерімен айналысу кезінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ядролық» деген сөзден кейін «, радиациялық» деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «ядролық материалдармен және радиоактивті заттармен» деген сөздер «ядролық материалдармен, радиоактивті заттармен және иондаушы сәулелену көздерімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 309-1-бапта:

бесінші бөліктің бірінші абзацындағы «астықты сақтауға» деген сөздер «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында рұқсат етілген қызметті қоспағанда, астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктің бірінші абзацындағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазарту, сақтау және тиеп жөнелту қызметтерін» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 309-4-баптың бесінші бөлігінің бірінші абзацындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 317-баптың бірінші бөлігінің 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) аккредиттеусіз өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау;»;

9) 325-баптың бірінші абзацында:

«, мұндай қызмет түріне лицензиясы және оларды жарнамалауға рұқсаты жоқ» деген сөздер «тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясы жоқ» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қоспалардың мемлекеттік тіркеусіз» деген сөздер «қоспаларды мемлекеттік тіркеусіз олардың» деген сөздермен ауыстырылып, «және оларды жарнамалауға рұқсатсыз» деген сөздер алып тасталсын;

10) 357-2-бапта:

тақырыптағы «ережелері мен» деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «Заңнамада белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лицензиялау нормаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «лицензиялық ережелер мен нормалардың» деген сөздер «лицензиялау нормаларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 399-баптың бірінші абзацындағы «тиісті лицензиясыз немесе лицензияда көзделген шарттарды бұза отырып, сол сияқты» деген сөздер алып тасталсын;

12) 576-6-баптың бірінші бөлігіндегі «357-2-бабында» деген сөздер «175 (екінші бөлігінде) (туроператорлар мен турагенттер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 357-2-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының отыз жетінші абзацындағы «87-2,» деген цифрлар алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар):

1) 10-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

«облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалардың)», «облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)» деген сөздер тиісінше « облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың», «облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың» деген сөздермен ауыстырылсын

;

«уәкілетті органы» деген сөздерден кейін «үш жұмыс күні ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 14-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы «төтенше жағдайлар,» деген сөздер алып тасталсын;

3) 14-1-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы, 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

4) 43-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік меншіктегі жерлерден жер учаскесіне құқық беру мынадай ретпен жүргізіледі:

1) жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы өтінішті қарауға қабылдау;

2) сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау;

3) жер учаскесін алдын ала таңдау (объектілер құрылысы үшін жер учаскесі сұралған кезде);

4) тиісті жергілікті атқарушы органдар құратын комиссияның жер учаскесін беру туралы қорытындысын дайындау;

5) жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің – шешім, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдауы;

7) сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану туралы шартын жасасу;

8) жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу;

9) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру.»;

2-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жер учаскесін беру туралы шешім комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешім комиссияның теріс қорытындысы негізінде қабылданады.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары комиссияны жергілікті өкілді органның депутаттарынан, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органының, сондай-ақ тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы

функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (олар бар болса) өкілдерінен құрады.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің жер учаскесін беру туралы шешімі ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары құратын комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешімі комиссияның теріс қорытындысы негізінде қабылданады.»;

мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«Комиссия қорытындысы сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану немесе жер учаскесін алдын ала таңдап алу (объектілер құрылысы үшін жер учаскесін сұрау кезінде) мүмкіндігі туралы ұсыныстың комиссияға түскен кезінен бастап бес жұмыс күні ішінде екі данада хаттамалық шешім нысанында жасалады.

Комиссияның оң қорытындысының бір данасы бес жұмыс күні ішінде жерге орналастыру жобасын дайындау үшін өтініш берушіге жіберіледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер учаскелеріне меншік және (немесе) жер пайдалану құқығының берілуіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар - жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкіміне, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында арнайы экономикалық аймақ әкімшілігіне өтініш береді.

Өтініште: жер учаскесін пайдалану мақсаты; оның болжамды мөлшері; орналасқан жері; сұралып отырған пайдалану құқығы; басқа жер учаскесінің (осы Кодекстің 50-бабының 2-тармағында аталған жер учаскелері бойынша) болуы (болмауы) көрсетілуге тиіс. Пайдалы қазбалар шығарылатын жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтініш сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін (елді мекендерде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірлесіп) айқындау үшін жер учаскесі орналасқан жердегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарына үш жұмыс күні ішінде түседі.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол түскен кезден бастап екі айға дейінгі мерзімді құрайды.

Өтініш беруші жер учаскесіне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы

шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда жер учаскесі орналасқан жердегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары өтініш берушіге екі жұмыс күні ішінде оның өтінішін қараудан дәлелді бас тартуды жазбаша жібереді.

Аталған мерзімге:

осы Кодекстің 44-бабының 3-тармағына сәйкес дайындалатын жерге орналастыру жобасын жасау;

осы Кодекстің 44-бабының 6-тармағында белгіленген келісу;

жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезеңдері кірмейді.»;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар әзірлеу мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап он жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жер учаскелеріне тиісті құқықтар беру не оларды беруден бас тарту туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі шешімінің көшірмесі, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында арнайы экономикалық аймақ әкімшілігі шешімінің көшірмесі шешім қабылданған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге беріледі (жіберіледі).

Жер учаскелерін беру жоғары тұрған атқарушы органның құзыретіне кіретін жағдайларда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі жерге орналастыру ісін өз шешімімен бірге жоғары тұрған органға түпкілікті шешім қабылдау үшін жібереді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органы бекіткен жерге орналастыру жобасы келіп түскен кезден бастап жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады.

Сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей сол шешімнің негізінде жасасады.

Жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу өтініш берушінің Қазақстан

Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.

Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын әзірлеу және беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алты жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жеке тұрғын үй құрылысына бөліп берілетін аланда жер учаскелерін жайластырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда әрбір жер учаскесі үшін жерге орналастыру жобасын жасау талап етілмейді.»;

5) 44-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Объектілер құрылысы үшін жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін алдын ала таңдау жүргізіледі, оны арнайы комиссия жүзеге асырады. Арнайы комиссияны, оған құзыретті мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта отырып, тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері құрады.»;

екінші бөліктегі «облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы» деген сөздер «тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жер учаскесін таңдау және жер учаскесін таңдау туралы актіні ресімдеу осы Кодекстің 43-бабының 2-тармағына сәйкес кейіннен жер учаскесін таңдау туралы актіні қарау және қорытынды дайындау үшін комиссияға жібере отырып, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.»;

6-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Құрылыс объектісін орналастыруға таңдалған аумақта бұзылуға немесе көшірілуге тиісті (соның ішінде жерді бөліп беру кезінде өнеркәсіп орындарының санитариялық-қорғау аймағына кіретін) тұрғын үйлер, басқа да ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар және жасыл екпелер орналасқан жағдайда өтініш беруші немесе оның сенім білдірген адамы жер учаскесін бөліп беруде талап етілетін келісімдерді өз бетінше қамтамасыз етеді.

Өтініш беруші меншік иесіне шығындарды өтеу талаптары туралы жылжымайтын мүлік меншігі иелерінің әрқайсысымен жасасқан шартты қосымша ұсынады.»;

6) 150-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жерге орналастыру жұмыстарын азаматтар мен заңды тұлғалар орындайды.»;

4-тармақтың 3) тармақшасындағы «(республикалық маңызы бар қаланың,

астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) уәкілетті органдары» деген сөздер «республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары жеті жұмыс күні ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 158-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осындай ақпаратты беру мерзімі өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.».

3. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84 -құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) мазмұнындағы 44 және 208-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) 17-бапта:

29) тармақшаның он екінші абзацындағы «шекті шоғырлануын;» деген сөздер « шекті шоғырлануын бекітеді.» деген сөздермен ауыстырылып, он үшінші абзацы алып тасталсын;

30) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптарды белгілейді;»;

3) 20-баптың 6) тармақшасындағы «жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар штаттан тыс» деген сөздер «жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 21-баптың 1-тармағы «қызметі» деген сөзден кейін «осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 28-баптың 2-тармағындағы «Эмиссиялар» деген сөз «Осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін эмиссиялар» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 36-баптың 3-тармағындағы «және жұмыс істеп тұрған» деген сөздер алып тасталсын;

7) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«37-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың кезеңдері

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қала құрылысы және құрылысты жобалау кезеңдері ескеріле отырып, жүйелі түрде жүзеге асырылады.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау мынадай:

1) қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау (1-кезең);

2) жобаны іске асырудың ықтимал әсерлерін немесе шаруашылық және өзге де

қызметті одан әрі жүзеге асыруды толық және кешенді талдау, баламалы нұсқаларды негіздеу және қоршаған ортаны қорғауды басқару жоспарын (бағдарламасын) әзірлеу мақсатында орындалатын әсерді бағалау (2-кезең);

3) қоршаған ортаға қолайсыз әсерлерді болдырмау жөніндегі техникалық шешімдерді қамтитын жұмыс жобасы құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (3-кезең) кезеңдерін қамтиды.

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың 2 немесе 3-кезеңдерінде осы Кодекстің 4-тарауына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері әзірленеді.»;

8) 38-баптың 1-тармағындағы «Қоршаған» деген сөз «Осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 40-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптілік сыныптарына жатпайтын қызмет түрлері сыныпталмайтын болып табылады.»;

10) 44-бап алып тасталсын;

11) 47-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға:

1) осы Кодекстің 37-бабында айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы;

2) қоршаған ортаға әсерді бағалаудың оларға ілеспе материалдарымен бірге мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар жобалары;

3) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары;

4) іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттар жобалары;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары;

7) жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер;

8) қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметін жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобалары;

9) осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдары;

10) шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде «Байқоңыр» кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобалары;

11) Қазақстан Республикасына өткізілетін (әкелінетін) технологияларды, көлік құралдарын қоспағанда, техникаларды және жабдықтарды қолдану жөніндегі құжаттама жатады.»;

«3. Осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында аталған мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері осы Кодекстің 40-бабында келтірілген объектілердің сыныпталуына сәйкес I, II, III, IV санаттарға бөлінеді.

Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін, орталық мемлекеттік органдар әзірлейтін мемлекеттік, салалық бағдарламалардың, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары I санатқа жатады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары әзірлеген өңірлік бағдарламалардың, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары II санатқа жатады.

Осы баптың 1-тармағының 5) – 11) тармақшаларында аталған мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері I санатқа жатады.

Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған және осы Кодекстің 40-бабында келтірілген объектілердің сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын, қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы II санатқа жатады.»;

12) 50-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімі мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдарға алдын ала сараптамадан өткен қажетті барлық құжаттама берілген кезден бастап I санаттағы объектілер үшін - екі айдан, II, III және IV санаттардағы объектілер үшін бір айдан аспауға тиіс.

Қайтадан мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімі тіркелген күнінен бастап I санаттағы объектілер үшін - бір айдан, II, III және IV санаттардағы объектілер үшін он жұмыс күнінен аспауға тиіс.»;

2-тармақтағы «екі аптадан» деген сөздер «бес жұмыс күнінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 72-бапта:

2-тармақта:

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың эмиссиялар нормативтерінің жобаларына қорытындысын;»;
6) тармақшадағы «бағдарламасының жобасын» деген сөздер «бағдарламасын» деген сөзбен ауыстырылсын;
7) тармақшадағы «нотариалды куәландырылған» деген сөздер алып тасталсын;
3-тармақта:
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың эмиссиялар нормативтерінің жобасына қорытындысын;»;
4) тармақшадағы «бағдарламасының жобасын» деген сөздер «бағдарламасын» деген сөзбен ауыстырылсын;
5) тармақшадағы «нотариалды куәландырылған» деген сөздер алып тасталсын;
14) 74-бапта:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Өтінімдер беру қолданыстағы рұқсат мерзімі аяқталғанға дейін не жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін I санаттағы объектілер үшін екі айдан кешіктірілмей, ал II, III және IV санаттардағы объектілер үшін бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.»;
2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «бір айдан» деген сөздер «күнтізбелік он бес күннен» деген сөздермен ауыстырылсын;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Рұқсат беретін орган қабылданған өтінімдерді өтінім тіркелген күннен бастап I санаттағы объектілер үшін - екі айдан аспайтын мерзімде, ал II, III және IV санаттардағы объектілер үшін бір айдан аспайтын мерзімде қарайды. Қарау қорытындылары бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беріледі.»;
15) 75-баптың 1-тармағының 2), 3) тармақшалары және 2-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;
16) 76 және 87-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«76-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың қолданылу мерзімдері
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар қолданыстағы рұқсатта көрсетілген, табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгергенге дейінгі, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.»;
«87-бап. Экологиялық аудитор
1. Аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге бағытталған тәуелсіз тексеруді жүзеге асыратын жеке тұлға экологиялық аудитор болып табылады. I санаттағы аудиттелетін

субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін осы Кодекстің 40-бабына сәйкес тексеру қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

2. Экологиялық аудитор экологиялық аудиторлық қызметті дара кәсіпкер немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы.»;

17) 88-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Экологиялық аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, аудиттелетін субъектілер қызметінің экологиялық қауіпсіздігін анықтау мен бағалауға бағытталған, олардың шаруашылық және өзге де қызметін тәуелсіз тексеруді жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылады. I санаттағы аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін осы Кодекстің 40-бабына сәйкес тексеру қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.»;

18) 129-баптың 1-тармағындағы «және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген» деген сөздер алып тасталсын;

19) 130-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге және оны қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу шеңберінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беретін органға ұсынуға;»;

20) 132-баптың 8-тармағы және 208-бап алып тасталсын;

21) 220-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасында:

«, өрт қауіпсіздігі» деген сөздер алып тасталсын;

«уәкілетті органдардың» деген сөздер «уәкілетті органның» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «, өнеркәсіп қауіпсіздігі» деген сөздер алып тасталсын;

22) 221-баптың 13-тармағындағы «және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздер алып тасталсын;

23) 224-баптың 4-тармағындағы «, өнеркәсіп қауіпсіздігі» деген сөздер алып тасталсын;

24) 262-баптың 12-тармағындағы «, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар» деген сөздер алып тасталсын.

4. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; №

5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат ; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат):

1) мазмұнындағы 527-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «527-бап. Есептеу, төлеу және салық есептілігін ұсыну тәртібі»;

2) 135-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) білім беру қызметін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөнінде қызметтер көрсету;»;

3) 471-бапта:

кестеде:

1.1., 1.2.-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.1. | Электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату | 10 |
| 1.2. | Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін ( технологиялық) жобалау және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін ( технологиялық) жобалау, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану | 10 |

»;

1.4.-жол алып тасталсын;

1.6.-жолдың 2-бағанындағы «Электрмен» деген сөз «Энергиямен» деген сөзбен ауыстырылсын;

1.7.-жол алып тасталсын;

1.9.-жолдың 3-бағанындағы «230» деген цифрлар «100» деген цифрлармен ауыстырылсын;

1.10., 1.11., 1.12., 1.13.-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.10. | Ядролық материалдармен жұмыс істеу | 50 |
| 1.11. | Радиоактивті заттармен, радиоактивті заттары бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу | 10 |
| 1.12. | Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу | 5 |
| 1.13. | Атом энергиясын пайдалану саласында көрсетілетін қызметтерді ұсыну | 5 |

»;

1.14.-жолдың 3-бағанындағы «230» деген цифрлар «50» деген цифрлармен ауыстырылсын;

1.16.-жолда:

2-бағандағы «жарылыстардың» деген сөз «сынақтардың» деген сөзбен

ауыстырылсын;
3-бағандағы «50» деген цифрлар «10» деген цифрлармен ауыстырылсын;
1.17.-жолдың 3-бағанындағы «230» деген цифрлар «10» деген цифрлармен ауыстырылсын;
1.18. және 1.20.-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | |
|---|---|---|
| 1.18. | Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау | 5 |

» ;
«

| | | |
|---|---|---|
| 1.20. | Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану | 10 |

» ;
1.21.-жол алып тасталсын;
1.27., 1.28.-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:
«

| | | |
|---|---|---|
| 1.27. | Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу | 20 |
| 1.28. | Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсету | 20 |

» ;
1.29.-жолдың 2-бағаны «реттеуді,» деген сөзден кейін «жаңғыртуды, орнатуды,» деген сөздермен толықтырылсын;
1.33.-жолда:
2-бағанындағы «атыс қаруы» деген сөздер «қару» деген сөзбен ауыстырылып, «, суық қаруды, сондай-ақ газды қару мен оның патрондарын», «сатып алу,» деген сөздер алып тасталсын;
3-бағанындағы «3 (10)**» деген цифрлар «10» деген цифрлармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 1.33-1.-жолмен толықтырылсын:
«

| | | |
|---|---|---|
| 1.33-1. | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу | 3 |

» ;
1.34.-жолда:
2-бағанындағы «сатып алу» деген сөздер «пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-бағанындағы «3 (10)***» деген цифрлар «10» деген цифрлармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 1.34-1.-жолмен толықтырылсын:
«

| | | |
|---|---|---|
| 1.34-1. | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу | 3 |

»;

1.36.-жол алып тасталсын;

1.41.-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.41. | Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету | 10 |

»;

1.42.-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу»;

1.45., 1.45-1., 1.45-2., 1.45-3., 1.45-4., 1.45-5., 1.50.-жолдар алып тасталсын;

1-53.-жолдың 2-бағанындағы «(мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа)» деген сөздер алып тасталсын;

1.55., 1.56., 1.57.-жолдар алып тасталсын;

1.58.-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Туроператорлық қызмет»;

1.62.-жолдың 3-бағанындағы «80 (40)****» деген цифрлар «80 (40)*» деген цифрлармен ауыстырылсын;

1.79.-жолдың 2-бағанындағы «Жобалау-іздестіру» деген сөздер «Іздестіру» деген сөзбен ауыстырылсын;

1.81.-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.81. | Жобалау қызметі | 10 |

»;

1.82.-жол алып тасталсын;

1.84.-жолдың 2-бағанындағы «, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді» деген сөздер алып тасталсын;

1.92.-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.92. | Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету | 10 |

»;

1.93.-жол алып тасталсын;

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескерту:

* банк операцияларына байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алым ставкалары:

екінші деңгейдегі банктер үшін – АЕК-тің 80 еселенген мөлшері;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін АЕК-тің 40 еселенген мөлшері.»;

4) 524-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«524-бап. Жалпы ережелер

1. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы) Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін алынады.

2. Көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер туралы мәліметтер береді.»;

5) 527-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«527-бап. Есептеу, төлеу және салық есептілігін ұсыну тәртібі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төлемақы мөлшері төлемақы ставкалары, кеменің регистрлық тоннадағы жалпы сыйымдылығы және кеме жүзетін су жолдарын пайдаланудың нақты мерзімі негізге алына отырып, бірақ күнтізбелік бір ай үшін төлемақы мөлшерінен кем емес болып айқындалады.»;

2-тармақтағы «көліктік бақылау мәселелері жөніндегі» деген сөздер «көлік саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші сөйлеміндегі «рұқсат құжатын алғанға дейін» деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы «рұқсат құжатында көрсетілген» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Төлемақы төлеушілер кеме жүзетін су жолдарын пайдалану жері бойынша салық органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей төлемақы жөнінде декларация тапсырады.»;

6) 627-баптың 5-тармағының 2) тармақшасы бірінші бөлігінің жиырма үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын және акциздeлетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру, сақтау мен өткізу шарттарын сақтау;».

5. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат):

1) 6-баптың 5) тармақшасындағы «қызметтің біліктілік талаптары мен оны лицензиялау тәртібін» деген сөздер «қызметке қойылатын біліктілік талаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 1-тармағының 49) тармақшасындағы «қағидаларының» деген сөз «Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 18-бапта:

1-тармақтағы «Медициналық қызметтер көрсетуді, профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарын (бұдан әрі - көрсетілетін қызметтер), дәрілік», деген сөздер «Дәрілік» деген сөзбен ауыстырылып, «, тағамға биологиялық активті қоспаларды» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы «Көрсетілетін қызметтердің,» деген сөздер «Медициналық қызметтер көрсетудің, профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарының (бұдан әрі - көрсетілетін қызметтердің)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

7) тармақшадағы «көрсетілетін қызметтерді,», «, тағамға биологиялық активті қоспаларды» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензия болмаған кезде көрсетілетін қызметтерді жарнамалауға;»;

4-тармақтағы «Көрсетілетін қызметтердің, дәрілік», деген сөздер «Дәрілік» деген сөзбен ауыстырылып, «, тағамға биологиялық активті қоспалардың» деген сөздер алып тасталсын;

4) 21-баптың 7-тармағының 16) тармақшасы, 62-баптың 10-тармағы және 90-баптың 4-тармағының 11) тармақшасы алып тасталсын.

6. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

17-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;».

7. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 7-баптың екінші бөлігі «кезінде» деген сөзден кейін «, темір жол көлігін қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-баптың тоғызыншы және оныншы бөліктері алып тасталсын;

3) 25-баптың екінші бөлігінде:

6) тармақшадағы «лицензиялық ережелер мен нормалардың» деген сөздер «Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша алып тасталсын.

8. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат):

1) 2-баптың бесінші абзацындағы «монополияға қарсы орган белгілеген тарифтер бойынша» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың алтыншы бөлігіндегі үшінші сөйлем алып тасталсын;

3) 14-баптың сегізінші бөлігі алып тасталсын;

4) 15-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлға жарғысының (ережесінің) және (немесе) оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқаларын беру»;

бірінші бөліктегі «заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын» деген сөздер «заңды тұлға жарғысының (ережесінің) және (немесе) оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)» деген сөздер «Заңды тұлға жарғысының (ережесінің) және (немесе) оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)» деген сөздер « заңды тұлға жарғысының (ережесінің) және (немесе) оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «заңды» деген сөз «жарғының (ереженің) телнұсқасын беру жағдайларын қоспағанда, заңды» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-баптың екінші бөлігінде:

6) тармақша алып тасталсын;

7) тармақшадағы «аралық және тарату баланстарын» деген сөздер «тарату балансын» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша алып тасталсын;

6) 16-1-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

9. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 11-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

27-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын.

10. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар, № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат):

1) 5-1-бапта:

1-тармақта:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады»;

36-3) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады»;

2) 10-баптың 1-тармағының 20) тармақшасындағы «және күшті әсер ететін улы» деген сөздер алып тасталсын;

3) 11-баптың 1-тармағының 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«33) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытынды;

жеке тұлғаларға:

азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, әкелуге, әкетуге;

заңды тұлғаларға:

жарылғыш материалдарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдаланып жасалған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге;

есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалануға;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін, штемпель-граверлеу кәсіпорындарын ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар беруге;».

11. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23,114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат):

7-баптың сегізінші абзацы алып тасталсын.

12. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; №

13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., №1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Оңалтуды және конкурсты басқарушылар

1. Оңалту рәсімін және конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру мақсатына қол жеткізу үшін оларды жүргізу кезеңінде төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкердің барлық органдары оны басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер оңалтушы не конкурстық басқарушыға (таратушыға) беріледі.

Оңалтушы және конкурстық басқарушылар (таратушы) борышкерді басқарудың бірден-бір органы ретінде әрекет етеді және өз өкілеттіктерін борышкердің тұрған жері бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 9-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Оңалтуды және конкурсты басқарушылардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақы алуға құқығы, дәрменсіз борышкердің істері мен мүлкін басқару жөніндегі өкілеттіктер көлемі осы Заңмен және уәкілетті органның келісімі бойынша кредиторлар комитетінің олармен жасасқан келісімімен реттеледі.

4. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген дара кәсіпкер оңалтуды және конкурсты басқарушы болып тағайындалады.

Осы тармақтың талаптары осы Заңның 9-1-бабының 1-тармағында және 55-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Осы Заңда оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларға жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

5. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркеуден өту үшін мынадай:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелу;

2) жоғары заң немесе экономикалық білімінің болуы;

3) білім беру ұйымдарында оңалтуды, конкурсты басқарушылар, сырттай байқау

әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өту;

4) экономикалық, қаржы, есептік-талдамалық, бақылау-тексеру, құқық қызметі салаларының бірінде не заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы талаптары белгіленеді.

6. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеуден өту үшін дара кәсіпкер уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) жоғары заң және (немесе) экономикалық білімі туралы дипломдардың көшірмелерін;

4) оңалтуды, конкурсты басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өткенін растайтын, білім беру ұйымы берген құжаттың көшірмесін;

5) еңбек қызметін, оның ішінде жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмесін;

6) өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша, оны ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;

7) өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша оны ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамаларды тапсырады.

Уәкілетті органға құжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін түпнұсқасымен бірге не құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылады.

Уәкілетті органға тапсырылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі құжаттардың қабылданған күні көрсетіле отырып, өтініш берушіге беріледі (жіберіледі).

Уәкілетті органда тіркелу кезінде ұсынылған құжаттардың дәйектілігі үшін дара кәсіпкер Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Уәкілетті орган тіркеуді осы тармақта бергіленген құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Уәкілетті орган осы тармақта көзделген мерзім ішінде өтініш берушіге – тіркелгені туралы растауды, ал тіркеуден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша бас тартудың себептері көрсетілген дәлелді жауап жібереді.

7. Уәкілетті орган мынадай:

1) осы баптың 6-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар тапсырылмаған;

2) өтініш беруші осы бапта белгіленген талаптарға сай болмаған;

3) өтініш берушіге қатысты осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын, заңды күшіне енген сот актісі болған;

4) өтініш беруші бұрын осы баптың 8-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша тіркеуден шығарылған.

Осы тармақшаның ережелері осы баптың 8-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тіркеуден шығарылған өтініш берушіге үш жыл бойы қолданылады;

5) өтініш берушінің заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болған;

6) өтініш беруші сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайларда тіркеуден бас тартады.

8. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаны тіркеуден шығаруды уәкілетті орган мынадай:

1) тіркеуден шығару туралы өтініш ұсынылған;

2) осы Заңның осы бабы 12-тармағының 1) тармақшасында және (немесе) 41-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір жыл ішінде бірнеше рет шеттетілген;

3) еңбекке уақытша жарамсыздығы салдарынан шеттетілген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның осы бабы 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 41-1-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттетілген;

4) тіркеу кезінде оның дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған жағдайларда жүргізеді.

9. Тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректер өзгерген кезде, уәкілетті органда тіркеуде тұрған тұлға уәкілетті органға өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

10. Осы Заңның 2-бабының 4-тармағында көрсетілген ұйымдардың банкроттық рәсімдерін жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган оңалтуды басқарушыны – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен, тиісті орталық атқарушы органмен келісім бойынша, ал қала құраушы кәсіпорындар бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті әкімімен келісім бойынша тағайындайды.

11. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар етіп:

1) осы Заңның 9-1-бабының 1-тармағында және 55-бабының 2-тармағында көзделгендерден басқа жағдайларда борышкер немесе кредитор әкімшілігінің лауазымды адамын;

2) осы Заңның осы бабы 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетілген және (немесе) 41-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сырттай байқау рәсімін жүргізуден шеттетілген сәттен бастап бір жыл өткенге дейін шеттетілген тұлғаны;

3) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам басқа заңды тұлғаның басшысы болған адамды.

Аталған шарт осындай шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл бойы қолданылады;

4) егер серіктестік, акционерлік қоғам не кооператив дәрменсіз борышкер немесе оның кредиторы болса, осындай шаруашылық серіктестікке қатысушылар, акционерлік қоғамның акционерлері, кооператив мүшелері. Осы тармақшаның ережесі осы Заңның 9-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды;

5) жұбайы (зайыбы), осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың жақын туыстарын тағайындауға болмайды.

12. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушыларды уәкілетті орган:

1) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірген олардың осы Заңда белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша анықталған;

2) өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылуы не қаза болған деп жариялануы; оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі салдарынан мүмкін болмаған;

3) тіркелу кезінде олардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

4) өзі тағайындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде кредиторлар комитетімен келісім жасамаған не кредиторлар комитетімен жасалған келісім бұзылған жағдайларда дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан шеттетуге тиіс.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша оңалтуды және ( немесе) конкурсты басқарушыларды дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқарудан бір жыл ішінде бірнеше рет шеттету және (немесе) осы тармақтың 2) және 3 ) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттету оларды барлық борышкерлерге қатысты осы Заңда көзделген өкілеттіктерді орындаудан бір мезгілде шеттетуге әкеп соғады.

13. Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар банкроттық рәсімдерде дәрменсіз борышкерлердің мүлкі мен істерін басқарудан өз еркі бойынша босату туралы өтініш ұсынған кезде кредиторлар комитетінің келісімімен босатылады. Өтінішке кредиторлар комитетімен келісілген олардың қызметі туралы есеп және кредиторлар комитетінің келісімі қоса беріледі.

Оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілген немесе босатылған жағдайда жаңадан тағайындалған оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушы алдыңғылардың құқық мирасқорлары болып табылады.»;

2) 10-1-баптың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

3) 10-2-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай

байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеуді және оларды тіркеуден шығаруды жүргізеді;»;

3) тармақша «тағайындайды» деген сөзден кейін «және шеттетеді (босатады)» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) тіркеуге, тіркеуден шығаруға, тіркелген тұлғаның деректеріне өзгерістер енгізуге арналған өтініштердің нысандарын, сондай-ақ тіркелгендігін растау және тіркеуден бас тарту нысандарын белгілейді;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) оңалтуды және конкурсты басқарушыларды, сырттай байқау әкімшісін тағайындау және шеттету тәртібін белгілейді;»;

4) 10-3-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оңалтуды және (немесе) конкурсты басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген тұлғаларды есепке алу;»;

5) 41-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-1-бап. Сырттай байқау

1. Кредитордың не уәкілетті органның өтініші бойынша сот сырттай байқау рәсімін енгізу туралы іс қозғау жөнінде ұйғарым шығарады.

Борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі:

1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор немесе сырттай байқау рәсімін қолдануға келісім білдірген кемінде үш кредитор, оның ішінде өтініш беруші болған кезде;

2) борышкердің төлем қабілеті болмаған кезде үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте, өтініш берушінің ұсынысы бойынша кредиторлардың болуын борышкерден кредиторлары және олардың мүліктік талаптарының мөлшері туралы мәліметті талап ету арқылы сот белгілейді.

Соттың сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарымында уәкілетті органға бес күн мерзімде сырттай байқау әкімшісін тағайындау тапсырылатыны туралы көрсетіледі.

Сырттай байқау әкімшісін тағайындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген дара кәсіпкер сырттай байқау әкімшісі болып тағайындалады.

Сырттай байқау әкімшісі өз өкілеттігін борышкердің орналасқан жері бойынша жүзеге асыруға міндетті.

Сырттай байқау әкімшісі етіп осы Заңның 9-бабының 11-тармағында көрсетілген тұлғаларды тағайындауға болмайды.

Осы Заңда сырттай байқау әкімшісіне жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

3. Сырттай байқау әкімшісін уәкілетті орган:

1) кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірген олардың осы Заңда белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша анықталған;

2) өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылуы не қаза болған деп жариялануы; оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі салдарынан мүмкін болмаған;

3) тіркелу кезінде олардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

4) өзі тағайындалғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде кредиторлар комитетімен келісім жасамаған не кредиторлар комитетімен жасаған келісім бұзылған жағдайларда шеттетуге тиіс.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша сырттай байқау әкімшісін сырттай байқау рәсімін жүргізуден бір жыл ішінде бірнеше рет шеттету және (немесе) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірі бойынша шеттету оны барлық борышкерлерге қатысты осы Заңда көзделген өкілеттіктерді орындаудан бір мезгілде шеттетуге әкеп соғады.

4. Сырттай байқау әкімшісі сырттай байқау рәсімін жүргізуден өз еркі бойынша босату туралы өтініш ұсынған кезде кредиторлар комитетінің келісімімен босатылады.

Өтінішке кредиторлар комитетімен келісілген оның қызметі туралы есеп және кредиторлар комитетінің келісімі қоса беріледі.

Сырттай байқау әкімшісі жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілген немесе босатылған жағдайда жаңадан тағайындалған сырттай байқау әкімшісі алдыңғылардың құқық мирасқоры болып табылады.

5. Сырттай байқау енгізілген кезде мынадай салдар туындайды:

1) кредиторлардың борышкерге қатысты кез келген талаптары осы Заңда көзделген сырттай байқау рәсімі шегінде ғана қойылуы мүмкін;

2) борышкердің лауазымды тұлғаларына өздеріне тиесілі акцияларды, борышкер мүлкіндегі үлестерін иеліктен шығаруға тыйым салынады;

3) борышкердің кепілге қойылған мүлкінен, оның ішінде соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға тыйым салынады.

6. Сотқа сырттай байқауды енгізу туралы өтініш берген кезде кредитор салық қызметінің тиісті органына хабарлама жібереді.»;

6) 49-баптың 3-тармағындағы «борышкер әкімшілігінің лауазымды адамына» деген сөздер «борышкер басшысына, санацияға қатысушыға немесе ол ұсынған адамға» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 55-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Санацияға қатысушы барлық кредиторлардың талаптарын олармен келісілген мерзімде қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін.

Мұндай жағдайда санацияға қатысушы немесе осы Заңның 9-бабының 4, 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптар қолданылмайтын, ол ұсынған адам оңалтуды басқарушы болып тағайындалады.

Бұл ретте санацияға қатысушыға немесе ол ұсынған адамға осы Заңда белгіленген оңалтуды басқарушының құқықтары мен міндеттері қолданылады.».

13. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148 -құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5,23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат):

36-баптың 4-1-тармағындағы «, қызмет түрлерін лицензиялаудың ережелерін» деген сөздер алып тасталсын.

14. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

18-3-баптың 2-тармағындағы «тіркеуді және» деген сөздер алып тасталсын.

15. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 6-баптың 3) тармақшасындағы және 7-баптың 4) тармақшасындағы «лицензиялау ережелерін және аудиторлық қызметті» деген сөздер алып тасталсын;

2) 21-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы «аудиторлық қызметті лицензиялау ережелері мен» деген сөздер алып тасталсын.

16. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 448-құжат; 2002 ж., № 4, 34-

құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

29-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, коллекцияға жинау, экспонаттау құқығына;»;

үшінші абзац «сату,» деген сөзден кейін «пайдалану,» деген сөзбен толықтырылсын.

17. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж. № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат):

13-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы «әкелгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей» деген сөздер «әкелу үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы «карантинге жатқызылған өнімді тиеп-жөнелтудің болжамды мерзімінен он бес тәулік бұрын» деген сөздер алып тасталсын;

4-1-тармақтың екінші бөлігінде:

«, сондай-ақ» деген сөз «және» деген сөзбен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

«өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантинге жатқызылған өнімді оны жөнелтудің болжамды мерзімінен бес күн бұрын береді» деген сөздер «өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантинге жатқызылған өнімді ұсынады» деген сөздермен ауыстырылсын.

18. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 102-құжат; 2001ж. № 8, 53-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 6, 41-құжат; 2007 ж., № 2, 18; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 128-құжаттар; 2010 ж., № 3-4, 11-құжат; № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 9-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;»;

2) орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

19. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат):

1) 15-баптың 7-тармағы алып тасталсын;

2) 19-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «немесе лицензия беру ережелері» деген сөздер алып тасталсын.

20. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22 -құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

23-баптың 13) тармақшасы, 23-1-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы және 24-1-бап алып тасталсын.

21. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23 -құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағының 13) тармақшасындағы «өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында лицензиялауды жүзеге асырады,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 16-1-баптың 1-тармағындағы «лицензиялау және» деген сөздер алып тасталсын;

3) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы аккредиттеу

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеуді, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы, техникалық реттеу туралы және өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтің осы түріне аккредиттелген заңды тұлғалар жүзеге асырады.».

22. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат):

1) 9-2-баптың бірінші бөлігінде:

үшінші абзацтағы «рұқсат құжаттарын (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды

қосқанда) беру, нормативтік құқықтық актілердің» деген сөздер «нормативтік құқықтық актілерді тіркеу және олардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац «ұсынуға» деген сөзден кейін «, рұқсат беру құжаттарын ( лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қосқанда) беруге» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 21-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «негізделуге тиіс.» деген сөздер «негізделуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) мемлекеттік орган рұқсаттарды, лицензияларды және өзге де рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда олардың автоматты түрде берілетіндігін қамтуға тиіс.»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) рұқсат беру құжаттарын (салық патенттерін қоспағанда) беруге және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыруға;»

23. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат):

38-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

24. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет – астық қабылдау кәсіпорындары астық сақтау бойынша жүзеге асыратын қызмет;»;

13-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13-3) астық экспорттаушы – астықты экспортқа өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 4-бапта:

1) тармақшадағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялық бақылау;»;

3) 5-бапта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;»;

6-1) тармақша алып тасталсын;

4) 6-бапта:

1-1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;»;

2-1) тармақша алып тасталсын;

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2) астық экспорттаушылардың мемлекеттік астық ресурстарына астықты жеткізу жөніндегі міндетті сақтауын бақылау;»;

20) тармақша алып тасталсын;

5) 6-1-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;»;

9) тармақшаның екінші абзацындағы «лицензиядан кейінгі» деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жөнелту» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-2-бап алып тасталсын;

7) 13-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөліктегі «Астық сақтау» деген сөздер «Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша

қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

1) тармақшадағы «астық сақтау» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 17-баптың бірінші абзацындағы «Астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен, 2) тармақшасындағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 19-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «астықты қабылдауға, өлшеуге, кептіруге, тазалауға, сақтауға және тиеп жіберуге» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Астық қабылдау кәсіпорындары астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет пен астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметіне байланысты емес қызмет операцияларының бөлек есебін жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.»;

10) 25-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы «заң актілерінде» деген сөздер «заңдарында» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «Астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу » деген сөздер «Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 26-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен, 33-2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жіберу» деген сөздер «астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын.

25. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.,

№ 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

2) 10-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасынан шет елге жұмыс күшін әкетуге байланысты қызметті жеке меншік жұмыспен қамту агенттіктері жүзеге асырады.»;

3) 11-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

26. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж. , № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-бапта:

6) тармақшадағы «осы қызмет түріне лицензиясы,» деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшада:

«қызметтің осы түріне лицензиясы бар» деген сөздер алып тасталсын;

«туристік өнімді» деген сөздердің алдынан «туроператор қалыптастырған» деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет) – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың туристік өнімді қалыптастыру, оны туристік агенттер мен туристерге ұсыну және өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті емес қалыптастырған туристік өнімді ұсыну мен өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі (бұдан әрі – туроператор);»;

2) 10-баптың 4) тармақшасындағы «туристік қызметті лицензиялау ережелерін және » деген сөздер алып тасталсын;

3) 11-бапта:

5) тармақшадағы «турагенттік және» деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақша алып тасталсын;

4) 12-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

5) 15 және 19-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Туристік қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Туроператорда және турагентте туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жарамды шарты болған кезде туроператорлық және турагенттік қызметті жүзеге асыруға жол беріледі.

Туроператор және турагент туралы мәліметтер олардың өтініштері негізінде туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес туроператорлық қызмет лицензияланатын қызмет түрі болып табылады.

Туроператор туристерге дербес немесе туристер алдындағы оның міндеттемелерінің бір бөлігін немесе барлығын орындау жүктелетін үшінші тұлғаларды тарту арқылы туристік өнімге кіретін барлық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Туроператорлық қызметке берілетін лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, бұрын жасалған шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, туроператорлық қызмет көрсетуге тыйым салуға әкеп соғады.

Туроператорлық қызметке берілетін лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, туроператорлық қызметке берілетін лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Турагент турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған (қайта жасаған) сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы өтінішті уәкілетті органға жолдауға міндетті.

Турагент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, туроператор қалыптастырған туристік өнімді ғана туристерге ұсынады және өткізеді.

Турагенттің туристік өнімді ұсынуы мен өткізуі туроператормен жазбаша нысанда жасалған, туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шарт негізінде жүзеге асырылады.

Туроператор мен турагент арасындағы туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шартта міндетті түрде туристік өнімді қалыптастырған туроператор туралы, туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары туралы мәліметтер, туристік бағдардың сипаттамасы, туристік өнім туралы дәйекті ақпарат болуға тиіс.

4. Туристік өнімнің құрамында жоқ экскурсиялық қызметті немесе туризм нұсқаушысының қызметін көрсеткен кезде экскурсоводтың, гидтің ( гид-аудармашының), туризм нұсқаушысының қызметін көрсететін тұлғалар туристерге саяхаттың ерекшеліктері, олар саяхат жасаған кезде кездесетін қауіп-қатерлер туралы мәлімет беруге, сондай-ақ туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын қабылдауға, оның ішінде саяхат кезінде туристермен болатын төтенше жағдайлар туралы мүдделі мемлекеттік органдарға және туристің отбасына ақпарат беруге міндетті.»;

«19-бап. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар

1. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар өз филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар әділет органдарында тіркелген, туристік қызметті жүзеге асыратын басқа тұлғалардың атауларын пайдалана алмайды.»
.

27. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 1-бапта:

50) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«50) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер көрсету - оңтайлы жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында құрылыстың дайындығын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешені (техникалық және авторлық қадағалау);»;

мынадай мазмұндағы 51-1) тармақшамен толықтырылсын:

«51-1) сараптамалық жұмыстар – ғимараттар мен құрылыстардың жобаларына сараптама жасау және олардың сенімділігі мен тұрақтылығына техникалық тексеру жүргізу жөніндегі жұмыстар;»;

2) 17-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі «заң актілерінде» деген сөздер «заңдарында» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерін лицензиясыз жүзеге асыру;»;

3) 19-бап мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін бекітеді;»;

4) 20-бапта:

11) тармақшадағы «, сондай-ақ мемлекеттік емес сараптама орталықтарын тіркеуді және сарапшыларды аттестациялауды» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін әзірлеу;»;

12-1) тармақшадағы «лицензиялау ережелерінің» деген сөздер «лицензиялау

тәртібінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:
«18-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау;»;

5) 24-баптың 1-тармағының 17) тармақшасындағы «жүргізу;» деген сөз «жүргізу кіреді.» деген сөздермен ауыстырылып, 18), 19) тармақшалары алып тасталсын және 25 -баптың 1-тармағының 18) тармақшасындағы «жүргізу;» деген сөз «жүргізу жатады.» деген сөздермен ауыстырылып, 19), 20) тармақшалары алып тасталсын;

6) 30-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі «(құрылысты бастауға)» деген сөздер алып тасталсын;

7) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатады.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметін және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай санаттарға бөлінеді:

I санат – осы тармақта аталған, қолда бар лицензиясы шеңберінде барлық жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті жүзеге асырады;

II санат – осы тармақта аталған, екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады;

III санат – осы тармақта аталған, техникалық қиын емес екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғаларды белгілі бір санаттарға жатқызуды лицензиар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметіне және құрылыс-монтаж жұмыстарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес лицензияны берген кезде жүзеге асырады және лицензияның қолданылуының ерекше жағдайларында көрсетіледі.

3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстарды лицензиялауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың

жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.»;

8) 33-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуына;»;

3-тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жер учаскесінің (аумақтың, трассаның) (сейсмикалық қауіптілігі жоғары немесе өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) немесе геотехникалық жағдайдағы аудандардан басқа) қазіргі шекарасында жүзеге асырылатын, қолданыстағы тұрғын ғимараттардағы үй-жайларды объектінің конструкциялары мен функционалдық мақсатын өзгертпей реконструкциялауға, қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға рұқсат талап етілмейді;»;

5-тармақтағы «беруге құқылы» деген сөздер «шығарады» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 34-баптың 2-1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында инжинирингтік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған аттестаты бар сарапшыға;»;

2) тармақшадағы «тиісті лицензиясы» деген сөздер «тиісті аттестаты» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 34-1-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Техникалық қадағалауды тапсырысшы объектілер құрылысына жобалық-сметалық құжаттамада көзделген қаражат есебінен дербес және (немесе) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшыларды тарта отырып, қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүзеге асырады.»;

3-тармақта:

«инжиниригтік» деген сөздің алдынан «, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы» деген сөздермен толықтырылсын;

«ұйымдарды» деген сөз «тиісті аттестаты бар сарапшыларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 36-баптың 1-тармағындағы «бере алады» деген сөздер «береді» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 64-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жобаларға сараптаманы тиісті аттестаты бар сарапшылар жүзеге асырады.»;
екінші бөлік «заңды тұлға» деген сөздердің алдынан «, өз құрамында аттестатталған сарапшылары бар» деген сөздермен толықтырылсын;
4-1-тармақтағы «сараптамалық жұмыстар нарығы субъектісінің лицензиясы бар кез келген жеке немесе заңды» деген сөздер «тиісті аттестаты бар кез келген жеке» деген сөздермен ауыстырылсын;
7-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы және екінші бөлігіндегі «(құрылыстың басталуына)» деген сөздер алып тасталсын;
13) 68-бапта:
2-тармақтағы «осы объектіні салуға жер учаскесін беру туралы шешім не тапсырысшыға меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі учаскені құрылыс салуға пайдалануға рұқсат» деген сөздер «жерге тиісті құқық беру туралы шешімді» деген сөздермен ауыстырылсын;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жерге тиісті құқық беру туралы шешімінің шешім қабылданған күннен бастап құрылыс басталғанға дейінгі қолданылу мерзімі жобалаудың және белгіленген тәртіппен жобаны бекітудің нормативтік ұзақтығы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес белгіленеді және рұқсат құжатында көрсетіледі.»;
4-тармақтағы «Құрылыс салуға жер учаскесін беру не тапсырысшыға меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі учаскені пайдалануға рұқсат» деген сөздер «Жерге тиісті құқық» деген сөздермен ауыстырылсын;
5-тармақтың бірінші бөлігіндегі «құрылысқа жер учаскесін беру (учаскені пайдалануға рұқсат ету)» деген сөздер «жерге тиісті құқық беру» деген сөздермен ауыстырылсын;
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Құрылыс салынбақшы болып отырған ауданда инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсетушілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сұрауы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен объектінің құрылысы және кейіннен пайдалануға берілген оның тұрақты жұмыс істеуі үшін талап етілетін, сұратылып отырған (есептемелік) параметрлері де инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттарды ұсынады.»;
8-тармақтағы «құрылысқа жер учаскесін беру (учаскені пайдалануға рұқсат ету)» деген сөздер «жерге тиісті құқық беру» деген сөздермен ауыстырылсын;
11-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«11. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін:»;

14) 73-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «немесе қабылдау комиссиясы» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Салынған объектіні қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдауы кезінде жұмыс комиссиясы талап етілмейді.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қабылдау комиссиясы қол қойған, салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітуге жатпайды.

6. Объектінің пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылған күн мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.»;

7-тармақта:

«кезінен» деген сөз «күнінен» деген сөзбен ауыстырылсын;

«объектілерді пайдалануға қабылдау туралы акт бекітілген кезден бастап» деген сөздер «мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының объектілерді пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойған күнінен бастап» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1-тармақтың екінші бөлігіндегі «акті» деген сөз «қорытынды» деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 74-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің тиісті шешімі болған кезде меншік иесі (тапсырысшы, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес объектілерді, атап айтқанда:»;

1) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертпей, сондай-ақ үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгертпей қолданыстағы үйлердегі үй-жайларды (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауды (қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды);»;

«6) жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстарды салуды;»;

3-тармақтың 2) тармақшасы «сейсмикалық қауіптілігі» деген сөздердің алдынан «осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 76-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

17) 78-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне мемлекеттік қабылдау комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясы мүшесінің объектіні пайдалануға қабылдау жөнінде ерекше пікірі болған жағдайда ол актіге қол қоймайды және ерекше пікірін комиссия төрағасына жазбаша түрде ұсынады.

Ерекше пікірді мемлекеттік қабылдау комиссиясы пікір ұсынушы комиссия мүшесінің және комиссияны тағайындаған мемлекеттік басқару органы өкілінің қатысуымен қабылдау актісіне қол қойылғанға дейін қарауға тиіс.»;

7-тармақтың 3) тармақшасындағы «ішкі жобалаушылардың (жоба бөлімдерін әзірлеушілердің),» деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақта:

бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «жергілікті сәулет және қала құрылысы органының, халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік органының,» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

10-тармақ алып тасталсын.

28. «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129 -құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат):

43-баптың 1-тармағындағы «ветеринариялық куәлікті» деген сөздер « ветеринариялық сертификатты» деген сөздермен ауыстырылсын.

29. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 4-баптың 3-тармағында:

13), 13-1) және 21) тармақшалар алып тасталсын;

31) тармақша «шағын» деген сөздің алдынан «өздігінен жүзетін» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 77-баптың бірінші бөлігіндегі «ветеринариялық куәлік» деген сөздер « ветеринариялық сертификат» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 212-баптың 5-тармағындағы «жазбаларға сәйкес, кеменің немесе жасалып жатқан » деген сөздер «жазбаларға сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын.

30. «Бал ара шаруашылығы туралы» 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 55-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аналық бал ара – бал ара ұясының молықтырылуын қамтамасыз ететін ұрғашы бал ара;

2) асыл тұқымды шаруашылық – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы аттестаттаған, белгілі бір асыл тұқымды бал ара ұяларын және асыл тұқымды бал араларының ұрықтанған аналықтарын өсіру мен өткізуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

3) асыл тұқымды бал ара ұясы – өзінің тұқымдық белгілерін ұрпағына тұрақты түрде беретін таза тұқымды, жоғары сыныпты бал араларының өнімділігі жоғары ұясы;

4) бал араның бал ұясы – бал араның бал ұясын ұстауға арналған құрылыс;

5) бал арасын қорғау құралдары – бал ара шаруашылығында пайдаланылатын иммундық-биологиялық, биологиялық, өсімдіктен алынатын, химиялық, химиялық-фармацевтикалық және басқа да ветеринариялық препараттар;

6) балауыз тетік – бал ара ұяларының негіздері бедерленген тиісті өлшемдегі жасанды түрде дайындалған жұқа балауыз жапырақтары;

7) бал ара тұқымдары – адамның белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайлардағы шығармашылық қызметінің ықпалымен қалыптасқан, «өзінде» өсіру үшін саны жағынан жеткілікті және шаруашылық әрі асыл тұқымды құндылығы бар жалпы тектес бал ара ұяларының тұтас тобы;

8) бал ара ұяларының зиянкестері – бал араларын жеу мақсаты үшін өлтіретін немесе балды ұрлау және (немесе) бүлдіру арқылы бал ара ұясына зиян келтіретін жануарлардың, құстар мен жәндіктердің жекелеген түрлері;

9) бал ара ұяларын тасымалдау (көшіру) – бал ара ұяларын бал жинауға және энтомофильді өсімдіктерді тозаңдандыруға шығару;

10) бал ара ұясы – бал ара ұясында немесе үйшігінде тұратын жұмыскер бал аралардан, еркек бал аралардан және аналық бал арадан тұратын тұтас биологиялық бірлік;

11) бал ара шаруашылығы – жұмыс істеу негізі энтомофильді өсімдіктерді тозаңдандыру мен олардың өнімділігін арттыру үшін бал араны өсіру, ұстау және пайдалану, бал ара шаруашылығы өнімдерін алу болып табылатын ауылшаруашылығы

өндірісінің саласы;

12) бал ара шаруашылығы өнімдері – бал араның жинаушылық және физиологиялық қасиеттері арқасында алынған өнімдер (бал, балауыз, бал ара тозаңы, балтозаң, желімтік, бал ара сүті, бал ара уы, еркек бал араның гомогенаты), сондай-ақ бал араның өзі;

13) бал ара шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган – бал ара шаруашылығы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) көшпелі омарта – орнын ауыстырып тұру арқылы бал жинау көздерінде немесе энтомофильді өсімдіктер алабында орналасатын омарта;

15) омарта – бал арасымен қоса белгілі бір жерде орналастырылған бал ара ұялары және бал ара шаруашылығымен айналысуға қажетті мүлік;

16) тұрақты омарта – бір жыл бойы тұрақты жерде орналастырылған омарта;

17) энтомофильді өсімдіктер – жәндіктер тозаңдандыратын өсімдіктер.»;

2) 15-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

31. Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат):

21-1-баптың 2) тармақшасындағы «лицензиядан кейінгі» деген сөздер алып тасталсын.

32. «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 7-8, 77-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 9, 44-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 7-бапта:

19) тармақшадағы «, дайындауға» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

«30-1) өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялануға жататын өнеркәсіп объектілерінің электрондық тізілімін жүргізеді және декларацияланған объектілер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсына орналастырады.»;

2) 11-1-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Уәкілетті органның қауіпті өндірістік объектіні декларациялау туралы немесе декларациялаудың қажет еместігі туралы шешімі сараптама қорытындысының түпнұсқасы қоса берілген қауіпті өндірістік объект иесінің еркін нысандағы өтініші бойынша беріледі.»;

3) мынадай мазмұндағы 11-2 және 11-3-баптармен толықтырылсын:

«11-2-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу және есептен шығару

1. Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару үшін оның иесі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтініш береді.

2. Өтініште қауіпті өндірістік объектіні есепке алу немесе есептен шығару үшін оны сәйкестендірудің негіздемелері көрсетіледі.

3. Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару иесін хабардар ете отырып, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіндегі қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу журналына тиісті жазба жасау арқылы жүргізіледі.

11-3-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді салу, реконструкциялау, жаңарту, жою жобаларын, сондай-ақ жергілікті жобаларын келісу

1. Қауіпті өндірістік объектінің иесі жобаны, сондай-ақ жергілікті жобаны келісу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бас инспекторына:

жобаны келісуге жіберу туралы өтінішті;

жобаның көшірмесін;

жобаның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының түпнұсқасын ұсынады.

2. Жобаның, сондай-ақ жергілікті жобаның келісілгені туралы оң шешім немесе оны келісуден дәлелді бас тарту құжаттарды толық көлемде берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.»;

4) 12-бапта:

4-тармақ «оқытудың» деген сөздің алдынан «жұмысшы персоналға» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін барлық адамдардың:

1) қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың – жыл сайын;

2) техникалық басшылардың, мамандар мен инженер-техникалық қызметкерлердің – қырық сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқыта отырып, үш жылда бір рет;

3) қауіпті өндірістік объектіде жұмысты орындаумен байланысты емес персоналдың – сегіз сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқыта отырып, ұйымның техникалық басшысы бекіткен тізбе бойынша үш жылда бір рет білімдері тексерілуге жатады.»;

6-тармақтағы «, ол уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісіледі» деген сөздер алып тасталсын;

5) 4-2-тараудың тақырыбындағы «дайындауға,» деген сөз алып тасталсын;

6) 14-9-бап алып тасталсын;

7) 14-10-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Техникалық құрылғылар құрамына кіретін ілмектерді, бөлшектерді, аспаптарды, жинақтаушы бұйымдарды, қосалқы бөлшектерді қолдануға рұқсат беру талап етілмейді .»;

8) 14-12-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге арналған аттестатты алған кезде ұйымдар;»;

9) 14-13-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

33. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 6-баптың 1-тармағы 3-1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;» ;

2) 17-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына бақылаудан тұрады.»;

3) 19-4-бап алып тасталсын.

34. «Геодезия және картография туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

5-баптың 5) тармақшасындағы, 6-баптың 4) тармақшасындағы « топографиялық-геодезиялық» деген сөздер «геодезиялық» деген сөзбен, 7-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Топографиялық-геодезиялық» деген сөздер « Геодезиялық» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат;

2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат):

1) 5-баптың 11) тармақшасындағы «қызметті лицензиялаудың біліктілік талаптары мен ережелерін бекіту» деген сөздер «қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту» деген сөздермен және 8-баптың 10) тармақшасындағы «қызметті лицензиялаудың біліктілік талаптары мен ережелерінің» деген сөздер «қызметке қойылатын біліктілік талаптарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«13) ветеринариялық анықтаманы беру;»;

3) 13-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
«1-1. Жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметінің түрлеріне:
1) ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметі;
2) ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізу;
3) дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу;
4) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізу;
5) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау;
6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ветеринария саласындағы өзге де қызмет түрлері кіреді.».

36. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Куәландырушы орталықтың қызметі

1. Куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады.
2. Куәландырушы орталық электрондық құжат айналымының бірнеше жүйесіне қызмет көрсете алады.».

37. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24,

148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 4-баптың 1) тармақшасының оныншы абзацы «тұқым шаруашылығы субъектілерін біліктілік» деген сөздердің алдынан «байқаудан өткізушіні және тұқым сарапшысын қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес берілетін рұқсат бойынша белгіленген мемлекеттік стандарттарға қарағанда төмендетілген сапа көрсеткіштері бар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін сатуға және пайдалануға жол беріледі.

Тұқым сапасының көрсеткіштерін төмендетуге рұқсатты не дәлелді бас тартуды уәкілетті орган өтініш келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына береді.

Аталған рұқсатты алу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары тұқым шаруашылығы субъектілерінің өтініштерін қабылдайды және бес жұмыс күні ішінде оларды уәкілетті органға жібереді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары рұқсатты немесе бас тартуды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде тұқым шаруашылығы субъектілерін уәкілетті органның шешімі туралы хабардар етеді.»;

3) 14-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы «уәкілеттік органмен келісілген көлемде» деген сөздер алып тасталсын.

38. «Почта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат):

8-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы және 9-бап алып тасталсын.

39. «Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 88-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат):

10-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Заңның 6, 7 және 8-баптарында белгіленген нормалар және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасы бұзылған;».

40. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-

құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 12-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) автомобиль көлігі саласындағы лицензияланатын қызмет (кіші қызмет) түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;».

2) 19-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «, сондай-ақ автокөлік қызметтерін көрсету саласындағы лицензиялау қағидасының» деген сөздер алып тасталсын;

3) 19-5-бапта:

1-тармақтағы «талаптарын орындауды» деген сөздер «талаптарының орындалуы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшасындағы «болуын;» деген сөз «болуын тексеру арқылы жүргізіледі.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

4) 19-7-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) автомобиль көлігі саласында Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының сақталуын бақылау;».

41. «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 179-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж. , № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақшадағы «лицензияның негізінде» деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) туроператор - туристік өнімді қалыптастыру, оны турагенттер мен туристерге ұсыну және өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті емес қалыптастырған туристік өнімді ұсыну мен өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензия алған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлға;»;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Осы Заңда белгіленген туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттерді туроператор мен турагенттің орындауын мемлекеттік бақылауды туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

3. Туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттерді туроператор мен турагенттің орындауын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бақылаудың өзге нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.».

42. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат, № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) байланыс саласындағы қызметті лицензиялау;»;

2) 9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «сатып алуға (сатуға),» деген сөздер алып тасталсын;

3) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

Байланыс саласындағы қызметті лицензиялауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.»;

4) 18-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды конкурстық негізде бөлу»;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды пайдалану құқығы мынадай жағдайда, егер:»;

1) тармақшадағы «сапасы тиісті деңгейдегі байланыс қызметін көрсету үшін қолжетімді» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтағы «пайдалана отырып, байланыс саласында қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру» деген сөздер «пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) алып тасталды - ҚР 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) 24-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Почта байланысы қызметтерін мемлекеттік емес почта байланысы ұйымдары көрсетуге құқылы.».

43. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы алып тасталсын;

2) 12-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті органмен келісе отырып» деген сөздер алып тасталсын;

3) 13-бапта:

5-тармақтың екінші бөлігіндегі «тек қана уәкілетті органның келісімі бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

7, 8 және 9-тармақтар алып тасталсын;

4) 14-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақтағы және 3-тармақтың бірінші абзацындағы «уәкілетті органның келісімі бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы «, уәкілетті органмен келісілген» деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ алып тасталсын;

5) 17-бапта:

11) тармақша алып тасталсын;

13) тармақшадағы «лицензиялық ережелерді» деген сөздер «Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) тармақша «көлемді» деген сөзден кейін «өздігінен жүзетін» деген сөздермен толықтырылсын.

44. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

6-бапта:

10-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
«3) тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт-тан жоғары электр қондырғыларының электр желілеріне қосылуына рұқсат береді.»;

11-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттауды жүзеге асыруға;

4) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеуді, энергия үнемдеу саясатының орындалуын бақылауды, заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеруді жүзеге асыруға;».

45. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 14-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «шектеу белгіленеді.» деген сөздер «шектеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жануарлар әлемін пайдалану орындарын шектеу белгіленеді.»;

2) 26-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын;

3) 39-баптың 5-тармағының 3) және 13) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын, тиісті ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздеменің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мерзімде және орындарда қысқы кезеңде балықтардың қыстайтын шұңқырларында, уылдырық шашу кезінде уылдырық шашатын жерлерде және өзге де учаскелерде;»;

«13) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын, тиісті ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздеменің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін орындарда және мерзімде балық ресурстарының және басқа да су жануарларының көбею кезеңінде олардың шоғырлану орындары мен өрістеу жолдарында.».

46. «Өзара сақтандыру туралы» 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 13, 84-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Қоғамды мемлекеттік тіркеу

Қоғам мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органды мемлекеттік тіркеуден өткені туралы:

1) заңды тұлға ретіндегі қоғамның жарғысы мен мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігінің нотариат куәландырған көшірмелерін;

2) қоғамды құру туралы шешім қабылданғанын куәландыратын құжаттарды қоса беріп, жазбаша хабардар етуге міндетті.»;

3) 8-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «6. Қоғам жарғылық, соның ішінде әділет органдарында қайта тіркеуді талап ететін құжаттарына енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға жарғылық құжаттарға енгізілген өзгерістердің немесе толықтырулардың нотариат куәландырған, оны тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі бар көшірмесін табыс етуге міндетті.».

47. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «6) пайдалануға беруге рұқсат – мемлекеттік қабылдау комиссиясының тұрғын жайды қабылдау туралы қол қойылған актісі;»;

2) 3-1-баптың 5) тармақшасындағы «лицензиялау ережесін және оларға» деген сөздер алып тасталсын.

48. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар):

1) 3-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 8-1) тармақшалармен толықтырылсын: «3-1) құзыретті (салалық) орган – мемлекеттік басқарудың лицензияланатын қызмет түріне жататын тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

8-1) лицензиялар тізілімі - берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор базасы;»;

9-1) тармақша «қолданылуы тоқтатылған лицензиялар» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері)» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-баптың 4 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын: «4. Осы Заңға жаңа қызмет түрлері және (немесе) қызметтің кіші түрлері енгізілген кезде оларды лицензиялау жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптары белгіленетін тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан

кейін жүзеге асырылады.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және экспорты мен импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілерді осы актілер ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күндік мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізуге болмайды.

Осы қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін осы Заңға жаңа қызмет түрлері және (немесе) қызметтің кіші түрлері енгізілген жағдайда, осы Заңда белгіленген тәртіппен лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге арналған құжаттарды тапсырған кезде қызметті тиісті лицензиясы болмаса да оны алғанға дейін, бірақ осы қызмет түріне және (немесе) қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптары қолданысқа енгізілген күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен асырмай, жүзеге асыруға жол беріледі.»;

«8. Бірыңғай технологиялық процеске кіретін және (немесе) қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементі болып табылатын қызмет түрлері лицензиялануға жатпайды.

Қызмет түрінің бірыңғай технологиялық процеске кіретіні және (немесе) оны қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементіне жатқызу туралы қорытындыны өтініш берушінің өтініші негізінде лицензиардың сұрауы бойынша құзыретті (салалық) орган береді.»;

3) 6-бапта:

4) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту;»;

9) тармақшадағы «тәртібін белгілеу» деген сөздер «қағидасын бекіту» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қол жеткізу құқықтарын дамыту, белгілеу процесін, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді басқару;

3) лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидасын әзірлеу;

4) қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын қоспағанда, лицензиялардың және лицензиялардың қосымшаларының нысандарын әзірлеу;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан

Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

5) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті

Лицензиарлардың құзыретіне:

1) жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарының жобаларын әзірлеу және оларды уәкілетті органмен келісу.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарының жобаларын әзірлеуді, егер жергілікті атқарушы орган лицензиар болып табылған жағдайда, орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

2) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу;

3) лицензиялау;

4) лицензиялық бақылауды жүзеге асыру;

5) азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға арналған лицензияларды қоспағанда, лицензиялар тізілімін жүргізу және оны ай сайын өзінің интернет-ресурсында орналастыру жатады.

Лицензиардың электрондық тізілімінде және лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде мынадай мәліметтер:

лицензиардың атауы;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның берілген күні және нөмірі;

дара кәсіпкер үшін - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), сондай-ақ жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген жағдайда куәліктің нөмірі және оның берілген күні;

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі және берілген күні;

қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрлері;

лицензияның қолданылу мерзімі;

салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

төлем тапсырмасының нөмірі және лицензиялық алым төленген күн;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу негіздері және күні;

лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, жаңарту негіздері және күні;

лицензияның қолданылуын тоқтату негіздері және күні;

лицензиаттың лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын филиалдары, өкілдіктері, объектілері, пункттері, учаскелері (болған жағдайда) туралы деректер көрсетілуге тиіс;

6) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының біліктілік талаптарына сәйкестігі бөлігінде лицензия беруді келісу туралы мемлекеттік органдарға сауал

жіберу;

7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық қызмет көрсету;

8) берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы ақпаратты өз интернет-ресурсында орналастыру жатады.

Лицензиат филиалын (өкілдігін, объектісін, пунктін, учаскесін) құрған, оның орналасқан жерін өзгерткен жағдайда он жұмыс күні ішінде – лицензиардың мекен-жайына, егер жергілікті атқарушы орган лицензиар болған жағдайда - филиалдың (өкілдіктің, объектінің, пункттің, учаскесінің) орналасқан жері бойынша оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса хат жолдауға міндетті. Лицензиар лицензиаттың хатын (хабарламасын) алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің тиісті қызмет түріне (кіші түріне) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілейді. Ол біліктілік талаптарына сәйкес болған жағдайда тиісті деректерді лицензиялар тізіліміне енгізеді.

Қаржы саласында және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметте лицензиялар тізіліміне филиал (өкілеттік, пункт) құру, оның орналасқан жерін өзгерту туралы деректерді енгізуді лицензиар лицензиаттан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.»;

6) 9-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы «белгілі бір шаруашылық операциясымен» деген сөздер «жекелеген қызмет түрімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Лицензиялардың қолданылуының ерекше шарттары

Лицензиялардың қолданылуының ерекше шарттары лицензияға:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау кезінде лицензиаттың санатын;

өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау кезінде лицензияланатын қызмет түрі жүзеге асырылатын саланы көрсету үшін енгізіледі.»;

8) 11-бапта:

4) тармақша алып тасталсын;

14) тармақшадағы «жерге орналастыру,» деген сөздер алып тасталсын;

9) 12, 13 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату;

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

электр энергиясын тұтынушыға дейін беру және (немесе) тарату;
елді мекендерді, өндірістік үй-жайлар мен объектілерді жылумен жабдықтау үшін жылу энергиясын беру және (немесе) тарату;
2) тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану:
қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау;
қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларын және технологиялық регламенттерін жасау;
қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру;
ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу;
мұнай-газ кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу;
пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу;
кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау;
ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату;
ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау;
ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру;
мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;
құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау;
мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;
мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;
магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану;

3) минералдық шикізатты қайта өңдеу (кең таралған пайдалы қазбаларды қайта өңдеуді қоспағанда).

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

пайдалы қазбаларды бөлудің физикалық тәсілі;

пайдалы қазбаларды бөлудің физикалық-химиялық тәсілі;

пайдалы қазбаларды бөлудің химиялық тәсілі;

пайдалы қазбаларды бөлудің металлургиялық (пирометаллургия, күйдіру, гидрометаллургия, балқыту) тәсілі;

құрамында пайдалы қазба бар тау-кен, байыту, металлургиялық және басқа да өнеркәсіптік өндірістердің қалдықтарын өңдеу;

4) химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, таукен-шахта, металлургиялық, энергетикалық жабдықтарды, жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықтарды, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ жұмыс істеу қысымы 0,7 кг/см$^2$–ден жоғары және жылу жеткізу температурасы 115$^{O}$С-ден жоғары қазандықтарды, 0,7 кг/см$^2$–ден жоғары қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбырларды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу (бірыңғай технологиялық процесте пайдаланылатын жабдықтарды жобалауды, дайындауды, монтаждауды, жөндеуді қоспағанда);

5) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу;

6) заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және өткізуі.

13-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

ядролық қондырғылар, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймалары құрылысы;

ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтар сақтау қоймаларын пайдалану;

ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару;

ядролық қондырғыларды орналастыру, салу, пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару;

2) ядролық материалдармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

ядролық материалдарды өткізу;

ядролық материалдарды пайдалану;

ядролық материалдарды сақтау;

3) радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды дайындау;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды пайдалану;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу;

табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу;

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау;

иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану;

5) атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

құрамында иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу;

иондаушы сәулелену көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау;

аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау;

өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің барын анықтау, радон және басқа да радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу;

персоналды дозиметрлік жеке бақылау;

6) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

радиоактивті қалдықтарды жинау және сұрыптау;

үй-жайларды, жабдық пен материалдарды залалсыздандыру (радиоактивті ластанудан тазарту);

радиоактивті қалдықтарды өңдеу;

радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму;
аумақтар мен объектілерді радиациялық оңалту, өңдеп қалпына келтіру;
7) ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау;
8) ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызмет;
9) ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
физикалық қорғау жүйелерін жобалау, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету;
ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде оларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету;
10) ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау.

14-бап. Улы заттар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:
1) уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою;
уларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану;
уларды сатып алу, сақтау, өткізу.
Нормативтік құжаттарға сәйкес сынақтар, зерттеулер және дезинфекция жүргізу үшін қажетті көлемде улы заттарды пайдаланатын аккредиттелген зертханалардың қызметі улар айналымы саласындағы лицензиарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен, удың жылдық қажеттілігі туралы ақпарат және оларды пайдалану туралы жыл сайынғы есеп бере отырып, лицензиялаусыз жүзеге асырылады;
2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);
пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;
пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану.»;

10) 15-бап алып тасталсын;

11) 16-баптың 1) тармақшасы екінші бөлігінің төртінші және бесінші абзацтары және 2) тармақшасы екінші бөлігінің екінші абзацы алып тасталсын;

12) 18 және 19-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау бойынша.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын әзірлеу, өндіру, жөндеу және оларға сервистік қызмет көрсету;

мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарын монтаждау, орнату, оларға қызмет көрсету;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру).

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу;

ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізу (оның ішінде өзге де беру);

3) ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсету.

19-бап. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызметті лицензиялау

Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру;

жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу.»;

13) 20-бапта:

1) тармақшаның бірінші бөлігі, екінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші абзацтары «реттеуді,» деген сөзден кейін «жаңартуды, орнатуды,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшаның екінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік қажеттіліктері үшін сатып алу;»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу;
азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіру;
азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу;
азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату;
азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекцияға жинау;
азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау;»;
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
«5-1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу;»;
6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«6) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу;
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өндіру;
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сату;
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалану;»;
мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:
«7) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу.»;
14) 22-бапта:
1-тармақта:
бірінші бөлікте:
1) тармақша алып тасталсын;
2) тармақшаның екінші бөлігінде:
бесінші абзац алып тасталсын;
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Интернет жүйесіне қол жетімділік қызметін көрсету;»;
жетінші, он бірінші және он екінші абзацтар алып тасталсын;
екінші бөлік алып тасталсын;
2-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «саласындағы қызметпен» деген сөздер «қызметтерін көрсетумен» деген сөздермен ауыстырылсын;
15) 23 және 25-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«23-бап. Білім беру саласындағы қызметті лицензиялау
Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.
Қызметтің бұл түрі қызметтің мынадай кіші түрлерін қамтиды:

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламалары;
техникалық және кәсіптік білім берудің, оның ішінде кәсіптер мен мамандықтар бойынша кәсіптік бағдарламалары;
орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, оның ішінде мамандықтар бойынша кәсіптік бағдарламалары;
діни білім беру бағдарламалары.»;

«25-бап. Ауыл және орман шаруашылығы, геодезия және картография саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:
1) мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау;
2) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету;
3) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету;
4) геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
геодезиялық жұмыстар жүргізу;
картографиялық жұмыстар жүргізу.»;

16) 26-баптың 1) тармақшасы екінші бөлігінің алтыншы абзацындағы «препараттарының санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасы, оларды» деген сөздер «препараттарын» деген сөзбен ауыстырылсын;
17) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:
1) адвокаттық қызмет;
2) нотариаттық қызмет;
3) мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда);
4) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтер құнын бағалау;
5) аудиторлық қызмет;
6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызмет көрсетумен айналысу.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау;
шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық сараптама саласындағы жұмыстар;
шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық аудит;
7) лотерея ұйымдастыру және өткізу;

8) заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыру;
9) туроператорлық қызмет;
10) жеке сот орындаушыларының қызметі.»;
18) 29-баптың екінші бөлігінде:
екінші абзацтағы «және өткізу» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші және бесінші абзацтар алып тасталсын;
19) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«33-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау
Лицензияның болуы мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін талап етіледі:
1) іздестіру қызметі.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
инженерлік-геодезиялық жұмыстар, оның ішінде:
геодезиялық орталықтарды салу және қалау;
жоспарлы-биіктік түсіру желілерін құру;
жобалау мен салуға арналған топографиялық жұмыстар (1:10000-нан 1:200-ге дейінгі масштабтағы түсірулер, сондай-ақ жерасты коммуникациялары мен құрылыстарын түсіру, жердегі желілік құрылыстар мен олардың элементтерін трассалау және түсіру);
инженерлік-геологиялық әзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздестіру нүктелерін бекіту арқылы нақты іске асырумен байланысты геодезиялық жұмыстар;
инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар, оның ішінде:
геофизикалық зерттеулер, шолып байқау және түсіру;
жер қабаттарын далалық зерттеулер, гидрогеологиялық зерттеулер;
2) жобалау қызметі.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
қала құрылысын (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи құрылыс аудандарының қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) жобалау және жоспарлау, оның ішінде:
жоспарлау құжаттамасын (аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын - аудандық жоспарлау жобаларын, елді мекендердің бас жоспарларын, аудандарды, шағын аудандарды, орамдарды, жекелеген учаскелерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен салу жобаларын);
елді-мекендердің (елді-мекендер шекараларының шегінде орналасқан көше-жол желілері мен қалаішілік және сыртқы көлік объектілерінің) және қонысаралық аумақтардың (елді-мекендердің көше-жол желісінен тысқары орналасқан сыртқы көлік объектілері мен коммуникацияларының) көлік инфрақұрылымын дамыту схемаларын;
құрылыс салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау жөніндегі

объектілерді орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді жылумен жабдықтау схемаларын;

ауыз су және (немесе) техникалық су көздерін орналастыра отырып және су ағызуды трассалай отырып, елді-мекендерді сумен жабдықтау схемаларын, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді сумен жабдықтау схемаларын;

тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның қалдық суларын жинау мен ағызудың орталықтандырылған жүйесін, бас тазартқыш құрылыстарды, қалдық суларды буландыру және қайта генерациялау жөніндегі объектілерді орналастыруды қоса алғанда, елді-мекендер мен өндірістік кешендердің кәріз схемаларын;

қонысаралық аумақтарда орналасқан елді мекендер мен өндірістік кешендерді газбен жабдықтау схемаларын;

құрылыс салу жүйесінде электр энергиясын өндіру және тасымалдау жөніндегі объектілерді орналастыра отырып, елді мекендерді электрмен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді электрмен жабдықтау схемаларын;

инфрақұрылым объектілері мен ақпарат көздерін орналастыра отырып, елді мекендер үшін телекоммуникация және байланыс схемаларын әзірлеу;

күрделілігі бірінші немесе екінші және үшінші деңгейлердегі ғимараттар мен құрылыстарды сәулеттік жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, сәулеттік-реставрациялау жұмыстары үшін жобалау құқығымен), оның ішінде:

объектілердің бас жоспарларын, аумақтың инженерлік дайындығын, жер бедерін көркейтуді және ұйымдастыруды;

өндірістік (өндірістік-шаруашылық) мақсаттағы ғимараттарды, құрылыстар мен коммуникацияларды;

тұрғын үй-азаматтық ғимараттар мен құрылыстарды;

құрылыстық жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу және (немесе) реконструкциялау үшін жобалау, сондай-ақ төменде аталған жұмыстардың әрқайсысы үшін конструкцияларды нығайту құқығымен) және конструкциялау, оның ішінде:

негіздер мен іргетастарды;

бетон және темір-бетон, тас және арматура-тас конструкцияларды;

металл (болат, алюминий және қорытпа) конструкцияларды;

ағаш конструкцияларды құрылыстық жобалау және конструкциялау;

инженерлік жүйелер мен желілерді, оның ішінде:

жылудың ішкі жүйелерін (электрмен жылытуды қоса алғанда), желдетуді, кондиционер орнатуды, салқын ауамен жабдықтауды, газдандыруды (төмен қысымды газбен жабдықтауды), сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін;

су құбыры (ыстық және суық су) мен кәріздің ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін;

тогы әлсіз құрылғылардың (телефондандырудың, өрттен қорғау сигнализациясының) ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың сыртқы желілерін;

бақылау-өлшеу, есептеуіш және реттеуіш құрылғыларды қоса алғанда, технологиялық процестерді автоматтандыруды;

ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру, 0,4 кВт-қа дейін және 10 кВт-қа дейін электрмен жабдықтау жүйелерін;

35 кВт-қа дейін, 110 кВт-қа дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды;

магистральдық мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, газ құбырларын ( орта және жоғары қысымды газбен жабдықтауды) жобалау;

мыналар:

еңбекті қорғау;

коррозияға қарсы қорғау құрылғысы;

найзағайдан қорғау құрылғысы;

ғимараттар мен құрылыстарды жаңадан салу, күрделі жөндеу, реконструкциялау немесе қайта жабдықтау үшін жобалау кезеңінде өрттен қорғау сигнализациясы, өрт сөндіру және өрттен қорғау жүйесі автоматикасы, оны орнату;

сметалық құжаттама жасау;

құрылысты ұйымдастыру жобалары мен жұмыс өндірісінің жобаларын құру бойынша жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу;

тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы, оның ішінде:

мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнаулы білім беруге, интернаттарға, кадрлар даярлайтын орындарға, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), денсаулық сақтау (емдеу және аурулардың профилактикасы, оңалту және санаториялық емдеу), қоғамдық тамақтану мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жаттығуларға, демалыс пен туризмге арналған, сондай-ақ түрлі қоғамдық мақсаттағы үй-жайлары бар өзге де көп функциялы ғимараттар мен кешендерге арналған;

көлік инфрақұрылымына (тікелей халыққа қызмет көрсету үшін көзделген) және коммуналдық шаруашылыққа арналған (көлік құралдарына қызмет көрсетуге арналған, сондай-ақ өзге де өндірістік шаруашылық мақсатындағы ғимараттар мен құрылыстардан басқа) ғимараттар мен құрылыстарды технологиялық жобалау ( құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);

өндірістік мақсаттағы, оның ішінде:

энергетика өнеркәсібіне арналған;

жеңіл және тамақ өнеркәсібін қоса алғанда, қайта өңдеу өнеркәсібіне арналған;

ауыр машина жасауға арналған;

медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібіне арналған;
бөгеттер, дамбалар, басқа да гидротехникалық құрылыстар;
мұнара және діңгек үлгісіндегі конструкцияларға;
көтергіш-көліктік құрылғылар мен лифтілерге арналған объектілерді технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);
көлік инфрақұрылымы, байланыс және коммуникация, оның ішінде:
автомобиль, электрлі, темір жол және өзге де рельсті, әуе, су көлігі түрлерін қоса алғанда, қалаішілік және сыртқы көлікке;
жергілікті байланыс, радио-, телекоммуникация желілеріне;
байланыс (спутниктік байланысты қоса алғанда) және өзге де телекоммуникация түрлерінің жалпыреспубликалық және халықаралық желілеріне қызмет көрсету жөніндегі объектілерді технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);
мыналарды:
темір жол көлігі қатынастарын;
барлық санаттағы автомобиль жолдарын;
қалалық электр көлігінің көше-жол желісін;
көпірлер мен көпір өткелдерін, оның ішінде көлік эстакадалары мен көп деңгейлі жол айрықтарын қамтитын технологиялық жобалау (көлік құрылысы жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);
қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы объектілерінің құрылысын технологиялық жобалау (жобалардың технологиялық бөлігін әзірлеу);
3) құрылыс-монтаж жұмыстары.
Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
жер қабатындағы арнаулы жұмыстарды, оның ішінде:
іргетасты орналастыруды;
ұңғымаларды (мұнай және газ ұңғымаларын қоспағанда) жайластыруды;
жер қабатындағы бұрғылау, бұрғылау-жару жұмыстарын;
су асты-техникалық жұмыстар мен теңіз қайраңындағы жұмыстарды;
мелиоративтік және су шаруашылығы құрылысындағы жер жұмыстарын;
жер қабатындағы гидромеханикаландырылған жұмыстарды;
объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын үйлер мен ғимараттардың (оның ішінде көпірлер, көлік эстакадалары, тоннельдер мен жол өткізгілер, өзге де жасанды құрылыстар) тірек және (немесе) қоршау конструкцияларын салуды, оның ішінде:
металл конструкцияларды монтаждауды;
мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыс конструкцияларын, түтін мұржаларын монтаждауды;

көпірлер мен көпір өткелдерінің тірек конструкцияларын монтаждауды;
гидротехникалық және селден қорғау құрылыстарын, бөгеттерді, дамбаларды;
түтін мұржаларын, тірек құрылыстарын, градирняларды, шахта үстіндегі тоқпақтарды;
тау-кен ұңғылау және тоннель жұмыстарын, сүзгі қалқаларын орналастыруды;
көтергіш құрылғылардың (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдар мен басқа да көтергіш құрылғылар конструкцияларын) құрылыс конструкцияларын монтаждауды;
металлургия, мұнай-химия, тау-кен, энергетика және басқа да өнеркәсіп салалары агрегаттарының, аппараттары мен басқа да технологиялық ғимараттарының құрылыс конструкцияларын монтаждауды;
монолитті конструкцияларды орналастыруды, сондай-ақ құрама-бетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырға мен далдалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды;
шатыр жабу жұмыстарын қамтиды;
күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын желілік құрылыстарды төсеу жөніндегі арнаулы құрылыс және монтаж жұмыстарын, оның ішінде:
қысыммен жұмыс істейтін не жарылу-өрт қаупі бар немесе өзге де қауіпті (зиянды) сұйық немесе газ тектес заттарды сақтауға арналған болат резервуарларды (ыдыстарды);
мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін;
кернеуі 35 кВт-қа дейінгі және 110 кВт-қа дейінгі және одан жоғары электр беру магистральдық желілерін;
түсті металдардан, полимерлік материалдар мен шыныдан жасалған технологиялық құбырларды монтаждауды;
байланыс пен телекоммуникацияның жалпы республикалық және халықаралық желілерін қамтиды;
күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қоса алғанда, инженерлік желілер мен жүйелердің құрылысын, оның ішінде:
темір жол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілерін, әуе көлігі кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілерін;
газбен жабдықтаудың жоғары және орташа қысымды, тұрмыстық және өндірістік газбен жабдықтаудың төмен қысымды желілерін, газ шаруашылығының ішкі жүйелерін;
суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерін, тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның қалдық суларының орталықтандырылған кәрізін, су құбырының, жылу беру мен кәріздің ішкі жүйелерінің құрылғысын;
электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру

құрылғысын, ішкі электрмен жарықтандыру және электрмен жылытудың желілерін;
ішкі орталықтандырылған жүйелерді;
желдетуді, ауаны салқындатуды, пневматикалық көлікті және аспирацияны орналастыруды қамтиды;
конструкциялар мен жабдықтарды қорғау және өңдеу жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде объектілерді күрделі жөндеуді және реконструкциялауды (судан қорғауды, жылуды сақтауды, оның ішінде тасқын су кезіндегі коррозиядан сақтауды, химиялық қорғауды жабынды мен электрлі химиялық қорғауды және найзағайдан қорғауды);
күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және темір жол құрылыстарын салу, оның ішінде:
темір жолға арналған негіздерді және оның беткі құрылыстарын салу;
I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ жүрдек және реттелмелі қозғалыстың қалаішілік магистральдық жолдарының, үздіксіз және реттелмелі қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды;
III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді-мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды;
аэродромдардың ұшу-қону жолақтары мен тікұшақ алаңдарының негіздері мен жабындыларын;
мыналармен:
лифт шаруашылығы және өзге де көтергіш-көліктік құрылғылармен;
металлургиямен, кен байытумен;
металл өңдеумен;
ағаш өңдеумен;
геологиялық барлау, мұнай және газ кәсіпшілігімен;
тау-кен-шахта өндірісімен, метрополитендер және тоннельдермен;
гидротехникалық және мелиоративтік құрылыстармен;
астықты сақтаумен және ұқсатумен, өзге де тамақ өнімдерін өндірумен және сақтаумен;
көмір, химия және мұнай өңдеу өндірісімен;
құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялар өндірісімен;
жеңіл өнеркәсіп өнімдері өндірісімен;
дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника өндірісімен, денсаулық сақтаумен, оңалтумен және аурулар профилактикасымен;
театр-ойын-сауыққа, білім беруге, спортқа арналған объектілермен;
жарылыстан қорғалған электр-техникалық жабдықты қоса алғанда, электр пештермен, өзге де электр-техникалық құрылғылармен;

компрессор машиналарымен, сорғылармен және желдеткіштермен; байланыспен, авариядан қорғаумен, бақылау және сигнализация жүйесімен, көлікте, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де объектілерде оқшаулаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу мен бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстары;

4) тұрғын үй ғимараттарының құрылысын үлескерлердің ақшасын тарту есебінен ұйымдастыру жөніндегі қызмет.»;

20) 34-баптағы «, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді» деген сөздер алып тасталсын;

21) 36-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

22) 42 және 43-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«42-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру шарттары

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, егер жергілікті атқарушы орган немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиар болып табылса, жеке немесе заңды тұлғаны тіркеу орны бойынша беріледі.

2. Лицензияны және лицензияға қосымшаны (қызметтің кіші түрлері болған жағдайда) алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) өтініш;

2) заңды тұлға үшін – жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмелері;

3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

6) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілей алады.

3. Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) өтініш;

2) лицензияның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

3) қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

4. Лицензиар өтініш берушінің (лицензиаттың) құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактілері анықталған жағдайда лицензиар аталған мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді түрде бас тартады.

5. Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі мәніне мемлекеттік органдардың келісімдерін алу үшін лицензиар өтініш берушінің лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жібереді.

Мемлекеттік органдар лицензиар сауалының негізінде он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы тиісті лицензиарға жауап жібереді.

Мемлекеттік органдар осы Заңда белгіленген мерзімде жауап жібермеген жағдайда лицензия беру келісілді деп саналады.

6. Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру, беруден бас тарту, олардың қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензия берудің шарттары мен тәртібі «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия берудің ерекше талаптары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

7. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін тиісті лицензиарға

ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі аталған органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі (табыс етіледі).

43-бап. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы өтініштерді қарау мерзімдері

1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны отыз жұмыс күнінен кешіктірмей беретін атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландырумен байланысты қызметтегі лицензиарларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиар осы Заңда белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Лицензиар осы бапта белгіленген мерзім ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартудың себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап қайтаруға міндетті.

2. Егер лицензиар осы Заңда белгіленген мерзімде өтініш берушіге лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген не лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияның қосымшасы берілді деп есептеледі.

Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімдері өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге міндетті.

Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензия және (немесе) лицензияның қосымшасы алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзі алынғанға дейін лицензиардың құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылған тізімдеменің көшірмесі лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың заңды екенін растайтын құжат болып табылады.»;

23) 45-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

бірінші абзацта:

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

«бас тартылуы мүмкін» деген сөздер «бас тарту жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) өтініш берушіге лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе;»;

24) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«47-бап. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын қайта ресімдеу және беру

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында "Телнұсқа" деген жазуы бар лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын береді.

2. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;

2) дара кәсіпкерді қайта тіркеген, оның атауы мен мекен-жайы өзгерген кезде;

3) заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырған кезде;

4) заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекен-жайы өзгерген кезде қайта ресімдеуге жатады.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың, осы тармақта белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Лицензиат қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензияларды қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды және лицензия мен лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмелерін күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Өтінішке осы тармақта көрсетілген құжаттарды қоса ұсынбаған жағдайда лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартады.

Қызметтің лицензияланатын түрінен бір немесе одан көп банк операциялары, сақтандыру қызметіндегі бір немесе одан да көп сынып алып тасталған жағдайда, лицензиат күнтізбелік отыз күн ішінде лицензиясымен қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс қызметтің лицензияланатын түрі мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға отыз күнтізбелік күн ішінде лицензияларды және лицензияның көшірмесін қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжаттарға қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

3. Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лицензиар лицензияны және лицензияға қосымшаны (болған жағдайда) қайта

ресімдейді.

Лицензиат қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын берілген лицензия мен лицензияға қосымшаны (болған жағдайда) лицензиарға қайтаруға міндетті.»;

25) 6-тарау мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

«49-1-бап. Лицензиялық бақылау

1. Лицензиялық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге нысандары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

26) 50-баптағы «азаматтық» деген сөз алып тасталсын.

49. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кепіл куәлігін ұстаушы - кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемеде мақтаны кепілге ұстаушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

2) қойма куәлігін ұстаушы - кепілмен ауыртпалық жасалған мақта иесі; қойма куәлігімен индоссамент жасалған жағдайларда - индоссат;

3) линт - мақта талшығын мақта тұқымынан ажыратқаннан кейін қалған тұқымның талшықты қабығы;

4) мақта - шитті мақта, мақта талшығы, мақта тұқымы;

5) мақта иесі - меншік құқығында шитті мақта және (немесе) мақта талшығы және ( немесе) мақта тұқымы бар жеке немесе заңды тұлға;

6) мақта қабылдау пункті - шитті мақтаны қабылдауға, сақтауға және беруге арналған арнаулы ғимарат;

7) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры - мақта өңдеу ұйымдарының өздері берген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан мақта қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет – шитті мақтаны сақтау; мақта талшығы мен мақта тұқымын сақтау, беру және шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі мақта өңдеу ұйымдары жүзеге асыратын қызмет;

9) мақта қолхаты - шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта

талшығын және мақта тұқымын сақтауға қабылдап алғанын растау үшін мақта өңдеу ұйымы беретін қосарлы қойма куәлігі;

10) мақта қолхатын ұстаушы - мақта өңдеу ұйымына шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта талшығын және мақта тұқымын сақтауға өткізген мақта иесі; мақта қолхатында индоссамент жасалған жағдайларда - индоссат;

11) мақта нарығына қатысушылар - шитті мақтаны өндіруге, оны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге және мақтаны сатуға қатысатын жеке және заңды тұлғалар;

12) мақта нарығының мониторингі - мақта нарығына қатысушылар жүзеге асыратын мақтаны өндіруді, өңдеуді, сақтауды және өткізуді қоса алғанда, мақта нарығы деректерін жинауға, пысықтауға және талдауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

13) мақтаның сапасы - стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін айқындайтын мақтаның тұтыну қасиеттерінің жиынтығы;

14) мақта өңдеу ұйымы - меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі жөнінде қызметтер көрсететін заңды тұлға;

15) мақта саласын дамыту жүйесіндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мақта саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

16) мақта тазалау зауыты - шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге арналған арнаулы ғимарат;

17) мақта талшығы - шитті мақтаны бастапқы өңдеу кезінде алынатын негізгі өнім;

18) мақта талшығы бумасы - стандарттау жөніндегі техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу нәтижесінде алынған мақта талшығының ерекше әдіспен нығыздалған белгілі бір көлемі;

19) мақта талшығының сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, мақта талшығының сапа паспортын ресімдеуді қамтитын мақта талшығы сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

20) мақта талшығы сапасының паспорты - мақта талшығы сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе) келісімшарттар талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

21) мақта тұқымы - шитті мақтаны бастапқы өңдеу кезінде алынған мақта ұрығы;

22) мақта шаруашылығы - өсімдік шаруашылығының мақта өндіру жөніндегі саласы;

23) мамандандырылған ауыспалы мақта егісі - бір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің жер пайдалану аумағындағы егістік жердің құрылымында мақтаның үлесі жетпіс пайыздан аспайтын жағдайда, өсімдіктер аурулары мен зиянкестердің жиналуына кедергі болатын, топырақ құнарлылығын сақтау мен арттыруға, шитті мақтаның өнімділігі мен сапасын арттыруға әсер ететін, мақтаның басқа ауыл

шаруашылығы дақылдарымен ғылыми негізделген кезектестіріліп егілуі;

24) өңдеу шарты - шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі жария шарты;

25) сақтау шарты - шитті мақтаны сақтаудың жария шарты;

26) сарапшы ұйым - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес мақта талшығы сапасына сараптама жасауды және мақта талшығы сапасының паспортын беруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

27) шитті мақта - тұқымынан ажыратылмаған талшық;

28) шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу – шитті мақтаны мақта талшығы, тұқым, линт, талшықты қалдықтар (құрамдарында үлік бар және мамық бар) етіп тазалау жөніндегі технологиялық операциялар кешені;

29) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеуді қамтитын шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

30) шитті мақтаны өңдеудің жанама өнімдері - тұқым, линт, талшықты қалдықтар (құрамында үлік және мамық бар);

31) шитті мақтаны сақтау - шитті мақтаны қабылдау, сақтау және беру жөніндегі технологиялық операциялар кешені;

32) шитті мақта өндірісі - шитті мақта өсіруге бағытталған агротехнологиялық іс-шаралар кешені.»;

2) 4-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін мемлекеттік бақылау;»;

3) 6-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;»;

4) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

4) 7-бапта:

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет;»;

16) тармақшадағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

5) 8-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;»;

5) тармақшада:

екінші абзацтағы «белгіленген тәртіппен бекітілген шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережелеріне сәйкес» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«мақта өңдеу ұйымдарын тексеру актілерін ресімдеуді;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтата тұру, сондай-ақ мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру туралы сотқа талап-арыз беру;»;

6) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мақта өндірумен айналысатын ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің, мақта өңдеу ұйымдары мен сервистік-дайындау орталықтарының қызметі»;

7) 13-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мақта өңдеу ұйымы лицензияның негізінде мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтерді көрсетеді.

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы жоқ заңды тұлғаның өз атауында, тауар таңбаларында, құжаттарында, хабарландырулар мен жарнамасында « мақта өңдеу ұйымы», «мақта тазалау зауыты», «мақта қабылдау пункті» деген сөздерді немесе одан туындайтын сөздерді пайдалануға құқығы жоқ.»;

4-тармақтың 1) тармақшасындағы «шитті мақтаны талшықты мақта етіп сапалы бастапқы өңдеуді» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 15-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктің үшінші абзацындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақта өңдеу ұйымдары мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет және мақта қолхаттарын беру арқылы қойма

қызметіне байланысты емес қызмет операцияларының есебін жеке-жеке жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.»;

2-тармақтағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі қызметті» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 16-баптың 2-тармағындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу, » деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету,» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 19-баптың 1-тармағы 2) тармақшасындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі қызметін» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 26-баптың 2-тармағындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу » деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 29-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы, 30-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу» деген сөздер « мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен, 31-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу» деген сөздер - «Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен, 36-баптың 4-тармағындағы және 38-баптың 4-тармақшасындағы «шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу» деген сөздер «мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын.

50. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 1-баптың 39) тармақшасындағы «ветеринарлық куәлік,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 6-баптың 1-тармағының үшінші абзацы және 7-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 18-баптың 3-тармағындағы «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген санитарлық паспорты бар,» деген сөздер алып тасталсын.

51. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7-баптың 6-тармағының 5) тармақшасындағы «тоқтатуға;» деген сөз «тоқтатуға міндетті.» деген сөздермен ауыстырылып, 6) тармақшасы және 8-тармағы алып тасталсын.

52. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 4-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;»;

2) 5-баптың 8) тармақшасының төртінші абзацындағы «рухани», «(діни оқу орындары)» деген сөздер тиісінше «діни», «(діни оқу орындары) береді.» деген сөздермен ауыстырылып, бесінші абзац алып тасталсын;

3) 6-бапта:

2-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мамандандырылған және арнаулы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жалпы білім беретін мектептердің білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламаларын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт бойынша мамандандырылған және арнаулы жалпы білім беру бағдарламаларын және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізеді;

7-2) білім беру қызметін (лицензиялауды талап етпейтін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін) жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есебін жүргізеді;»;

3-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды, сондай-ақ арнаулы және мамандандырылған жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізеді;

6-2) білім беру қызметін (лицензиялауды талап етпейтін білім беру қызметінің кіші

түрлері үшін) жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есебін жүргізеді;»;
4-тармақта:
6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«6) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды (арнаулы және мамандандырылған жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жалпы білім беретін мектептерді қоспағанда) лицензиялауды жүзеге асырады;»;
мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«6-1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің (арнайы және мамандандырылған жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын жалпы білім беретін мектептерді қоспағанда) жалпы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын (спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын қоспағанда) іске асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік аттестаттаудан өткізеді;
6-2) білім беру қызметін (лицензиялауды талап етпейтін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін) жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есебін жүргізеді;»;
4) 35-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;
5) 40-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Білім беру ұйымдарында білім беру қызметін жүргізу құқығы:
1) лицензиялауды талап ететін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, лицензия алған сәттен бастап және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лицензиядан айыру немесе оны жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап;
2) лицензиялауды талап етпейтін білім беру қызметінің кіші түрлері үшін – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеген сәттен бастап туындайды.»;
6) 57-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
«6. Білім беру ұйымдарының филиалдары лицензиялауға жататын білім беру қызметінің кіші түрлерін қоспағанда, білім беру қызметін жүзеге асыруға құқылы.»;
7) 59-баптың 1-тармағындағы, 3-тармағының 3) тармақшасындағы, 8-тармағындағы «білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына және білім беру қызметін лицензиялау ережелеріне», «білім туралы заңнамасын және білім беру қызметін лицензиялау ережелерінің» деген сөздер тиісінше «білім беру саласындағы және лицензиялау туралы заңнамасының талаптарына», «білім туралы және лицензиялау туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын;
8) 65-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша» деген сөздер алып тасталсын.

53. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат):

32-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Дүлей зілзала, эпидемия, эпизоотия кезінде, сондай-ақ негізгі қызметін одан әрі жалғастыруға кедергі келтіретін шектеулер болған кезде мемлекеттік монополия субъектісіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша негізгі қызметін қайтадан жүргізгенге дейін технологиялық тұрғыдан негізгі қызметіне жақын өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық беріледі.».

54. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

7-баптың 3) тармақшасы, 11-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы және 18-бап алып тасталсын.

55. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

3-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сауда биржаларының, брокерлер мен дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;».

56. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат):

3-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын.

57. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 62-бапта:

3-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптамалық қорытындыларды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті сараптаманы жүргізуге қажетті құжаттардың толық пакетін берген кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.»;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына

сәйкес жүзеге асырылады.»;
4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Келісімшарт жобасын жұмыс бағдарламасымен сәйкестендіруді олар келіп түскен күннен бастап құзыретті орган - бір ай ішінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он жұмыс күні ішінде жүргізеді.»;
5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға құжаттарды ұсынған күннен бастап келісімшарттың түпкілікті мәтіні мен жұмыс бағдарламасын сәйкестендіруді құзыретті орган - екі айдан кешіктірмейтін мерзімде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүргізеді.»;
2) 64-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі «бір ай» деген сөздер «он бес жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) 65-бапта:
1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Бағалау жұмыстары сатысына көшуге рұқсатты құзыретті орган - бір ай ішінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он бес жұмыс күні ішінде береді.»;
5-тармақтың үшінші бөлігіндегі «бір ай» деген сөздер «он бес жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;
7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жобаларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау және бекіту мерзімі тиісті өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобасы орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап - бір айдан, өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.»;
4) 66-бапта:
7-тармақтың үшінші бөлігіндегі «он бес» деген сөздер «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;
8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жобаларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау және бекіту мерзімі тиісті өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобасы орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап - бір айдан, өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.».
Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**2-бап.**

1. Осы Заң, осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа

енгізілетін 1-бабының 45-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабының 12-тармағы 1) тармақшасының он алтыншы - жиырма үшінші абзацтары осы Заң қолданысқа енгізілген сәтте олардың тіркелуін банкроттық саласындағы уәкілетті орган өзінде бар деректер негізінде жүргізетін, тиісті лицензия негізінде қызметін жүзеге асыратын оңалтуды, конкурсты басқарушыларға, сырттай байқау әкімшілеріне қолданылмайды.

3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау қызметін және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыратын лицензиаттар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он екі айдың ішінде осы Заңның 1-бабы 27-тармағы 7) тармақшасының және 48-тармағының 22) тармақшасы жиырма төртінші абзацының талаптарына сәйкес лицензияларын қайта ресімдеуге міндетті.

Лицензияны қайта ресімдеу, егер құрылыс мердігерлігі шарты осы Заңның 1-бабы 27-тармағының 7) тармақшасы және 48-тармағы 22) тармақшасының жиырма төртінші абзацы қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған болса, мұндай шарттың міндеттемелерді орындауға қатысты талаптарын өзгертуге әкеп соқпайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК